

## **Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2018 жылғы 23 ақпандағы № 59 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 6 наурызда № 4589 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабының 3-тармағына, 46-бабының 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды анықтау және таңдаушыларымен кездесу өткізу үшін үй-жайларды ұсыну туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2017 жылғы 25 мамырдағы № 165 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4209 болып тіркелді, 2017 жылғы 09 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланды);

2) "Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның аумағында ауылдық округтер әкімдеріне кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды анықтау және таңдаушылармен кездесулер өткізу үшін үй-жайларды ұсыну туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2017 жылғы 04 шілдедегі № 202 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4263 болып тіркелді, 2017 жылғы 25 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланды).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы әкімі аппаратының басшысы Асхат Белгібайұлы Кенжебековке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Ғабит Мүсірепов атындағы  
ауданының әкімі  
"КЕЛІСІЛДІ"*

*Б. Жұмабеков*

Қазақстан Республикасы  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Ғабит Мүсірепов атындағы  
ауданының сайлау  
комиссиясының төрағасы  
2018 жылғы 23 ақпан

*Н. Барақаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК